

«Бекітемін»
Т.Есетов атындағы
№264 мектеп-лицей директоры
Б.С.Тумурзаев

Педагог-психологтарының 2 оқу тоқсан бойынша есебі

2024-2025 оқу жылы

Мектеп педагог-психологының 2-тоқсан бойынша есебі

Мектеп атауы: Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі

Есеп беру кезеңі: 2-тоқсан (қараша – желтоқсан)

Хаттама: №2

Психолог: Р.Абдукаримова, А.Ж.Жаксыбаева

Лауазымы: Мектеп психологы

Күні: 27.12.2024 ж.

I. Жалпы мәліметтер:

- Оқушылар саны: 4071
- Психологиялық қызметпен қамтылған оқушылар саны: 115
- Ата-аналармен жұмыс: 60 ата-ана
- Педагогикалық ұжыммен жұмыс: 32 мұғалім

II. Атқарылған жұмыстар

1. Диагностикалық жұмыстар:

№	Сынып	Қамтылған оқушылар саны	Қолданылған әдістеме	Мақсаты
1	5-сыныптар	414 оқушы	НСВ-10 тесті 2 тоқсан	Адамда невротикалық белгілердің (мысалы, мазасыздық, депрессия, ішкі кернеу, эмоциялық тұрақсыздық) бар-жоғын анықтау
2	5-сыныптар	414 оқушы	М.Ковач сауалнамасы	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау
3	7-11 сыныптар	1588 оқушы	М.Ковач сауалнамасы	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау

2. Түзету-дамыту жұмыстары:

- «Мен және менің қауіпсіздігім» тренингі 1-сыныптар

Мақсаты: Балаларды өздерінің және айналасындағылардың қауіпсіздігін сақтауға үйрету, өмірде кездесетін қауіптерді тануға және оларға дұрыс әрекет етуге бағыттау. Бұл тренинг балалардың кездесетін қауіптерді тануға және оларға дұрыс әрекет етуге бағыттау. Бұл тренинг балалардың қауіпсіздік ережелерін үйреніп, түсінуін жеңілдетеді.



- «Психоэмоционалды күйзелістен арылу» тренингі 6-сыныптар

Мақсаты: Психоэмоционалды күйзелісін төмендетіп, ішкі сезімдерін түсіну, күйзелісті жеңу және өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту.



- «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тренингі 6- сыныптар

Мақсаты: оқушылардың арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптасты, психологиялық күйзелістің алдын алу. Оқушылардың өз «менін» ашуына мүмкіндігі топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

- 9, 11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдарлау диагностикасы (тест: "Қызығушылықтар картасы", Голланд әдістемесі)

Мақсаты: оқушылардың жеке қызығушылықтарын анықтау арқылы **өзін-өзі тануға көмектесу**, сонымен қатар **сыныптастарымен жақынырақ танысуға, ортақ қызығушылықтар арқылы байланыс орнатуға** мүмкіндік беру.

- Қиын мінез-құлықты оқушылармен жеке түзету сабақтары (10 оқушымен тұрақты жұмыс жүргізілді)
- Арнайы топпен (төмен үлгерімді оқушылар) мотивацияны арттыру бойынша сабақтар

3. Кеңес беру:

- Оқушыларға жеке кеңес: 58 оқушы
- Ата-аналарға кеңес: 20 ата-ана
- Мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету, сыныппен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар

4. Профилактикалық іс-шаралар:

- "Жағымды қарым-қатынас – мектеп табысының кепілі" тақырыбында сынып сағаттары
- Зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің және балаларға қатігездікпен қараудың алдын алу бойынша ағартушылық жұмыстары (2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулы)
- Психологиялық апта ұйымдастыру: Ашық есік күні, "Сенім жәшігі", "Көңіл-күй термометрі"

5. Нәтиже мен ұсыныстар:

- 5-сынып оқушыларының бейімделу деңгейі орташа деңгейден жоғары.
- Эмоциялық күйі тұрақсыз оқушылармен әрі қарай жоспарлы жұмыс жүргізіледі.
- Қиын оқушылармен жұмыс жоспары 3-тоқсанда да жалғасады.
- Мұғалімдер мен ата-аналарға арналған семинарлар жоспарына қосымша тақырыптар енгізіледі.

IV. Қорытынды:

- Психологиялық қызмет оқу-тәрбие процесінің маңызды бөлігі ретінде оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне, тұлғалық дамуына, эмоционалдық тұрақтылығына оң әсер етуде. 2-тоқсанда жоспарланған іс-шаралар толығымен орындалды. Келесі тоқсанда түзету жұмыстарына және ата-аналармен байланысты нығайтуға баса назар аударылады.

Психолог:

Р.Абдукаримова

А.Жаксыбаева